



Акционерлердің Жалпы
жиналысының шешімімен бекітілген
(2013 жылғы 14 мамыр № 46 хаттама)



**«Delta Bank»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ЖАРҒЫСЫ**

Алматы, 2013

СМОТРИ НА
ОБОРОТЕ

Осы Жарғы (бұдан әрі - Жарғы) «Delta Bank» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Банк) құқықтық жағдайын, ұйымдастырылуы мен жұмыс істеуінің, қайта ұйымдастырылуы мен таратылуының тәртібін, акционерлер мен үшінші тұлғалардың құқықтарын, міндеттерін, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың шарттарын, Банктің органдары мен лауазымды тұлғаларының өкілеттіктері мен жауапкершілігін айқындайды.

Жарғы Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы «Банктер және банк қызметі туралы» Заңына (бұдан әрі – Банктер туралы заң), Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленген және жаңа оқылымда бекітілген.

Жарғыда қолданылатын түсініктер:

1. Корпоративтік вэб-сайт – Банкке тесілі және уәкілетті органның белгіленген талаптарына жауап беретін интернет-қордағы ресми электронды сайт (www.deltabank.kz);

2. Банк қызметі жөнінде ақпаратты жариялау үшін қолданылатын бұқаралық ақпарат құралдары – а) корпоративтік вэб-сайт, б) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қосымша басылым беттерінде жариялау талап етілсе - «Жас Алаш» немесе «Егемен Қазақстан» газеттері (мемлекеттік тілде), «Экспресс К» немесе «Деловой Казахстан» (орыс тілінде), Банк, сондай-ақ, өз еркімен қызметі жөніндегі ақпаратты аталған басылым беттерінде жариялауға құқылы. Банк өз қызметі (жарнамалық, ақпараттық сипаттағы және т.с.с.) жөніндегі ақпаратты өзге де бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыра алады.

I Тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Банктің атауы

1. Банктің толық атауы:

- а) мемлекеттік тілде: «Delta Bank» Акционерлік қоғамы;
- б) орыс тілінде: Акционерное общество «Delta Bank»;
- в) ағылшын тілінде: Joint Stock Company «Delta Bank».

2. Банктің қысқаша атауы:

- а) мемлекеттік тілде: «Delta Bank» АҚ;
- б) орыс тілінде: АО «Delta Bank»;
- в) ағылшын тілінде: JSC «Delta Bank».

2-бап. Банктің құқықтық мәртебесі

1. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, меншік құқығымен оқшауланған мүлікті иеленеді және осы мүлкімен өзінің міндеттемелері бойынша жауап береді, өзінің атынан мүлктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерді иелене және жүзеге асыра алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

Банктің ресми мәртебесі Банктің заңды тұлға ретінде Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуімен және банк операцияларын жүргізуге уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі - «уәкілетті мемлекеттік орган») берген лицензиясының болуымен айқындалады.

2. Банктің меншік нысаны – жеке меншік.

3. Банктің Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға құқығы бар.

4. Банк өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңнамасын, сондай-ақ Жарғыны және Банктің ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

5. Банк Құрылтай жиналысы шешімінің негізінде (1993 жылғы 9 шілдедегі № 1 Хаттама) «НЕФТЕБАНК» Жабық акционерлік қоғамы түрінде құрылған (бастапқы мемлекеттік тіркелген күні 1993 жылғы 01 қыркүйек, тіркеу нөмірі 4270-1900-АҚ) және 2005 жылғы 1 ақпанда «НЕФТЕБАНК» акционерлік қоғамы болып қайта тіркелді.

6. Банк корпоративтік басқару кодексін қабылдайды.

3-бап. Банктің және оның акционерлерінің жауапкершілігі

1. Банк өзінің міндеттемелері бойынша өзінің мүлкінің шектерінде жауапкершілік көтереді.

2. Банк өз акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауапкершілік көтермейді.

3. Акционерлер заңнамалық актілермен көзделген жағдайларды қоспағанда, Банктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Банктің қызметіне байланысты зиян шегу тәуекелін өздеріне тиесілі акциялар құнының шегінде көтереді.

4. Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларды және Банк немесе мемлекет өздеріне осындай жауапкершілікті қабылдаған жағдайларды қоспағанда, Банк мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты мемлекетте Банктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

4-бап. Банктің филиалдары мен өкілдіктері

1. Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Банктің Қазақстан Республикасының аумағында, сондай-ақ оның шектерінен тыс жерлерде филиалдары мен өкілдіктерін құруға құқығы бар. Банктің филиалдары мен өкілдіктері заңды тұлғалар болып табылмайды және Банктің атынан, Банктің Директорлар кеңесі бекітетін филиалдар мен өкілдіктер туралы ережелердің негізінде әрекет етеді.

2. Банк филиалының бір облыстың (республикалық дәрежедегі қаланың, астананың) шегінде бірнеше мекен-жайда орналасқан үй-жайларды иеленуге құқығы бар.

3. Филиалдар мен өкілдіктердің басшылары өздеріне Банк берген сенімхаттардың негізінде әрекет етеді.

4. Банктің филиалдары мен өкілдіктері Қазақстан Республикасының және өздері орналасқан мемлекеттер аумағындағы заңнамасына сәйкес құрылады және жабылады.

5-бап. Банктің еншілес кәсіпорындары

1. Банк еншілес кәсіпорындарын Қазақстан Республикасының аумағында да, сондай-ақ оның шегінен тысқары жерлерде де уәкілетті органның рұқсаты болған жағдайда құра алады.

2. Банктің еншілес кәсіпорындары Қазақстан Республикасының және өздері орналасқан мемлекеттер аумағындағы заңнамасына сәйкес құрылады және жабылады.

6-бап. Банк деректемелеріне енгізілетін дараландыру құралдары

1. Банктің корпоративтік мөрі, филиалдары мен өкілдіктерінің белгілі бір мақсаттарға арналған мөрлері, мөртаңбалары, бланктері, ентаңбалары және өзінің қызметін жүзеге асыру барысында оны дараландыру үшін қажетті басқа да деректемелері бар.

2. Банктің деректемелері Банктің жұмыс тілдері болып табылатын мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінің біреуін немесе бірнешеуін қолдана отырып рәсімделеді.

7-бап. Банк қызметінің мерзімі

Банктің қызмет мерзімі шектелмейді.

8-бап. Банк Басқармасының орналасқан жері

Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 73а үй.

II тарау. Банк қызметі

9-бап. Банк қызметінің түрлері

1. Банк қызметінің мақсаты - өзінің заңды қызметін жүзеге асырудың нәтижесінде табыс табу болып табылады.

2. Банк, уәкілетті органның лицензиясы болған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген банк операцияларының барлығын немесе белгілі бір түрлерін жүзеге асырады.

Банк шетел валютасындағы банк операцияларын іске асыруға уәкілетті органның лицензиясы болған жағдайда, банк операцияларын ұлттық, сондай-ақ шетел валютасында да жүзеге асырады.

3. Банктің Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалған тәртіпте және шарттар бойынша бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыруға құқығы бар.

4. Банк мынадай қызмет түрлерімен:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін автоматтандыру үшін пайдаланылатын мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуді сатумен;

2) ақпарат жеткізгіштің кез келген түрінде банк қызметінің мәселелері жөніндегі арнайы әдебиетті сатумен;

- 3) өз мүлкін сатумен;
 - 4) төлем карточкалары мен чек кітапшаларын шығарумен, сатумен және таратумен;
 - 5) банкаралық клирингті сатумен;
 - 6) электронды ақшаны шығару, сату, сатып алу және өтеу, сондай-ақ электрондық ақшамен операциялар жасау жөніндегі ақпаратты жинау және өңдеу бойынша қызмет көрсетумен;
 - 7) қарыз алушылар кепілге қойған мүлікті Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сатумен;
 - 8) қаржылық қызметке байланысты мәселелер бойынша консультациялық қызметтер көрсетумен;
 - 9) банк қызметіне байланысты мәселелер бойынша басқа тұлғалардың мүдделерін білдірумен не облигация ұстаушылардың өкілі ретінде;
 - 10) банктік және қаржылық қызмет саласындағы мамандардың біліктілігін арттыру жөніндегі оқуды ұйымдастырумен;
 - 11) ақпараттандыру саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органның лицензиясы болған кезде электронды цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің электронды цифрлық қолтаңбаның жабық кілтіне сәйкестігін куәландыру жөніндегі, сондай-ақ көрсетілетін банктік қызметтерін пайдаланатын өз клиенттеріне қатысты тіркеу куәлігінің дәйекті екенін растау жөніндегі қызметпен;
 - 12) Банк пен Қазақстан Республикасының резиденттері-сақтандыру ұйымдарының және (немесе) жинақтаушы зейнетақы қорларының арасында олардың атынан сақтандыру шарттарын және (немесе) зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттарды жасасу шарты болған кезде Қазақстан Республикасының резиденттері-сақтандыру ұйымдарының атынан сақтандыру шарттарын жасасумен, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорларының атынан зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттарды жасасумен айналысуға құқылы.
5. Банктің бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметтің жоғарыда көрсетілген бір немесе бірнеше үйлесімді түрін жүзеге асыруына арналған лицензияны Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті орган береді.
6. Банктің Қазақстан Республикасының заңнамасы тыйым салмаған басқа да қызмет түрлерімен айналысуға құқығы бар.
- Егер қызметтің қандай да бір түрін жүзеге асыру үшін уәкілетті органдардың (лицензиардың) арнайы рұқсаты (лицензиясы, сертификаты) қажет болған жағдайда, Банк аталған қызмет түрін тек белгіленген тәртіпте, тиісті рұқсатты (лицензияны, сертификатты) алғаннан кейін ғана және соған сәйкес жүзеге асырады.

III тарау. Банктің мүлкі мен капиталы

10-бап. Банктің мүлкі

1. Банктің мүлкі оған меншік құқығымен тиесілі.
2. Банктің мүлкі төмендегілердің есебінен қалыптасады:
 - а) акцияларды орналастырған кездегі олардың төлемақысы;
 - б) қызметтің нәтижесінде алынған табыс;
 - в) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа негіздемелер бойынша алынған басқа да мүлік.

11-бап. Банктің жарғылық және меншікті капиталы

1. Жарғылық капитал Банктің қызметін қамтамасыз ету үшін түзіледі және акцияларды орналастырған кездегі олардың төлемақысы арқылы қалыптасады.

Банктің жарғылық капиталы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген жағдайларды қоспағанда, акцияларды сату есебінен қалыптасады.

2. Банктің жарғылық капиталын ұлғайту банктің жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

3. Банктің меншікті капиталын, активтерінің құнын, берілген заемдар мен басқа да активтер бойынша резерв (провизиясының) мөлшерін есептеу әдістемесін уәкілетті орган айқындайды.

12-бап. Банк қорлары (резервтік капитал)

1. Банк қызметінің нәтижесінде немесе оған байланысты туындайтын Банк шығындарын жабу үшін Банк салықтар мен басқа да бюджетке төленетін міндетті төлемдердің түсіуін

қамтамасыз ету саласына басшылық ететін уәкілетті мемлекеттік органдардың келісімімен уәкілетті органмен белгіленетін шарттарда, тәртіпте және ең төменгі мөлшерден кем емес көлемде динамикалық резервті (міндетті резерв) қалыптастырады.

2. Динамикалық резерв жай акция бойынша дивидендтер төленгенге дейін құрылады. Егер динамикалық резервтің нақты мөлшері, уәкілетті органның салық және бюджетке басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органның келісімімен белгіленген ең төменгі мөлшерден аз болса, Банктер жай акция бойынша дивидендтер есептеуге (төлеуге) құқылы емес.

3. Түрі мен пайдалану тәртібін Банктің директорлар Кеңесі анықтайтын, Банк өзге корларды қалыптастырады.

4. Тиісті бақылау деңгейін және өткізілетін операциялардың сипаты мен ауқымына сәйкес өзінің қызметінің дәйектілігін қамтамасыз ету мақсатында Банк қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес провизия (резерв) құрады.

5. Банк уәкілетті органмен белгіленген пруденциалдық нормативтерді және басқа міндетті нормалар мен лимиттерді сақтайды.

13-бап. Таза табысты үлестіру тәртібі

Банктің таза табысы (салықтарды және бюджетке басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін белгілі бір уақыт сәтінде түзілетін) Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі бойынша, Банктің резервтік капиталын қалыптастыруға (толықтыруға) бағытталады, акционерлердің арасында дивидендтер түрінде үлестіріледі, сондай-ақ Банкті дамытуға немесе Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен көзделген басқа да мақсаттарға бағытталуы мүмкін.

14-бап. Банк акциялары және өзге де бағалы қағаздары

1. Акция дегеніміз Банк шығаратын және оның түрі мен санатына қарай акционерлердің төмендегідей құқықтарын куәландыратын бағалы қағаз болып табылады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Жарғымен көзделген тәртіпте банкті басқаруға қатысу;

2) дивидендтер алу;

3) Банк таратылған кезде мүліктің бір бөлігін алу;

4) Заңмен және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерімен көзделген басқа да құқықтар.

2. Банктің Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілеген тәртіпте қарапайым акциялар шығаруға құқығы бар.

3. Банк өз акцияларын шығаруды құжаттамасыз нысанда жүзеге асырады. Акцияларды иеленушілердің тізімін қалыптастыруды, жүргізуді және сақтауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеуші жүзеге асырады.

4. Акция бөлінбейді. Бір акция ортақ меншік құқығымен бірнеше тұлғаға тиесілі болған жағдайда, олардың барлығы Банкке қатысты бір акционер деп танылады және акциямен куәландырылған өздерінің құқықтарын өздерінің ортақ өкілі арқылы жүзеге асырады.

5. Жай акция акционерге Акционерлердің Жалпы жиналысында дауысқа салынатын барлық мәселелерді шешкен кезде дауыс беру құқығымен бірге Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысу құқығын, Банктің таза табысы болған жағдайда дивидендтер алу құқығын, сондай-ақ Банк таратылған жағдайда қалған мүліктің бір бөлігін Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте алу құқығын береді. Бір қарапайым акция бір дауыс беру құқығын береді.

6. Банк акцияларды шығару проспектісімен анықталған тәртіпте және шарттарда Банктің жай акцияларына айырбасталатын артықшылықты акциялар шығаруға құқылы.

7. Артықшылықты акциялардың меншік иелері – акционерлер жай акциялардың меншік иелері – акционерлер алдында Жарғының 23 бабы 3 тармағымен белгіленген алдын ала анықталған кепілдендірілген мөлшерде дивидендтер алуға және Банк таратылған жағдайда Заңмен белгіленген тәртіпте мүліктің бір бөлігін алу құқығына ие.

Орналастыру кезеңінде Банктің артықшылықты акцияларының саны өзінің орналастырылған акцияларының жалпы санынан жиырма бес пайыздан аспауы тиіс.

8. Артықшылықты акция акционерге Заңмен белгіленген жағдайларды қоспағанда, Банкті басқаруға қатысуға құқық бермейді.

9. Банк қосымша қаражаттар тарту үшін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына сәйкес облигациялар мен туынды бағалы қағаздар шығаруға құқылы. Банктің айырбасталатын бағалы қағаздар шығаруға құқығы бар.

10. Облигацияларды шығару, олар бойынша сыйақы төлеу, оларды сатудан түскен қаражаттарды өтеу және пайдалану шарттары мен тәртібі Директорлар кеңесімен, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте шығару проспектісімен (шығару шарттарымен) анықталады.

11. Туынды бағалы қағаздарды шығару шарттары мен тәртібі Директорлар кеңесімен, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте сәйкес шығару проспектісімен (шығару шарттарымен) анықталады.

12. Банкке сатып алып жатқан акцияларының құнын толық көлемде төлемеген тұлға Банк акционері болып танылмайды.

13. Толық төленбеген акциялар және Банк сатып алған акциялар дауыс беру құқығын бермейді және олар бойынша дивиденд төленбейді.

14. Таза табысты үлестіру, акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру мен қворумды анықтау Банк сатып алған акцияларды ескерусіз жүргізіледі.

15. Банк өзінің орналастырылған акцияларының бір түрін Банк акцияларының екінші түріне Қазақстан Республикасының заңнамасымен және акцияларды шығару проспектісімен көзделген тәртіпте айырбастауға құқылы.

15-бап. Банк акцияларын орналастыру

1. Банк өз акцияларын олардың шығарылымын жарияланған акциялар санының шегінде бір немесе бірнеше орналастыру арқылы мемлекеттік тіркегеннен кейін орналастыруға құқылы.

Банк акцияларын оның жарияланған акцияларының саны шегінде орналастыру туралы шешімді Банктің Директорлар кеңесі қабылдайды.

Акцияларды орналастыру акционерлердің Банктің жай акцияларына айырбасталатын акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды артықшылықпен сатып алу құқығын жүзеге асыру, бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында өтетін жазылу немесе аукцион арқылы, сонымен қатар Қазақстан Республикасының Заңымен және өзге заңнамалық актілерімен көзделген жағдайларда Банк акцияларына Банктің бағалы қағаздарын және (немесе) ақшалай міндеттемелерін айырбастау арқылы орындалады.

2. Акционер Банктің жай акцияларына айырбасталатын акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды иелігінен шығарғанда Банктің жай акцияларына айырбасталатын акцияларды немесе басқа бағалы қағаздар сатып алуға өтінім беру үшін берілген отыз күнтізбелік күн ішінде артықшылықпен сатып алу құқығына сәйкес сол құқық бұрынғы меншік иесі мұндай өтінім бермеген жағдайда Банктің жай акцияларына айырбасталатын акциялардың немесе басқа бағалы қағаздардың жаңа иесіне көшеді.

3. Сол орналастыру үшін Банктің Директорлар кеңесімен белгіленген акцияларды орналастыру бағасы сол акциялар сатылатын ең төменгі баға болып табылады.

Акционерлер акцияларды артықшылықпен сатып алу құқығына сәйкес Банктің Директорлар кеңесі белгілеген аталған акцияларды орналастырудың бірыңғай ең төменгі бағасы бойынша сатып алады.

Банк акциялары сол орналастыру шегінде жазылу арқылы акцияларды сатып алатын барлық тұлға үшін бірыңғай баға бойынша сатылуы тиіс.

4. Банктің Директорлар кеңесі акционерлерге артықшылықпен сатып алу құқығын жүзеге асыру шеңберінде ұсынылғандай орналастырылатын акциялардың санын ұлғайту және (немесе) бағасын түсіру арқылы жарияланған акцияларды орналастыру туралы бұрын қабылданған шешім шарттарын өзгерту жөнінде шешім қабылдаған жағдайда Банк акционерлерге қайтадан аталған акцияларды артықшылықпен сатып алу құқығын ұсынады.

IV тарау. Банк акционерлері. Банк акционерлерінің құқықтары мен міндеттері

16-бап. Банктің акционерлері

1. Банктің акционерлері заңды және жеке тұлғалар болып табылады.

2. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен басқаша көзделмеген болса, Банктің акционерлерінің саны мен құрамы шектелмейді.

17-бап. Банк акционерлерінің құқықтары

1. Банк акционерлерінің төмендегідей құқықтары бар:

- 1) Заңмен және (немесе) Жарғымен көзделген тәртіпте Банкті басқаруға қатысу;
- 2) дивидендтер алу;

3) Акционерлердің Жалпы жиналысы немесе Жарғы айқындаған тәртіпте Банктің қызметі туралы ақпарат алу, соның ішінде Банктің қаржылық есеп-қисабымен танысу;

4) Банктің тіркеушісінен немесе атаулы иеленушіден бағалы қағаздарға деген өзінің құқығын растайтын үзінді көшірмелер алу;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Жарғыға сәйкес өзінің акцияларын кепілге салу және сату;

6) Акционерлердің Жалпы жиналысына Банктің Директорлар кеңесіне сайлау үшін үміткерлер ұсыну;

7) Банктің органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібінде даулау;

8) Банкке оның қызметі туралы жазбаша сұрау салу және банкке сұрау түскен күннен бастап отыз күн ішінде уәждеделген жауаптар алу;

9) Банк таратылған кезде мүліктің бір бөлігін алу;

10) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген жағдайларды қоспағанда, Банктің акцияларын немесе акцияларға айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарын Заңмен айқындалған тәртіпте артықшылықпен сатып алу;

11) Банктің органдары Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларын және Жарғының ережелерін бұзатын іс-әрекеттерді жасаған жағдайда, өздерінің заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін мемлекеттік органдарға жүгіну.

2. Банктің дауыс беруші акцияларының он және одан көп пайызы өзіне (өздеріне жиынтығында) тиесілі Банктің ірі акционерінің (акционердің немесе өздерінің арасында жасалған келісімнің негізінде әрекет ететін бірнеше акционердің) сондай-ақ төмендегідей құқықтары бар:

1) Банктің акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруды талап ету немесе Банктің Директорлар кеңесі акционерлердің Жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда, оның шақырылуы туралы талап арызбен сотқа жүгіну;

2) Директорлар кеңесіне акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіне Заңға сәйкес қосымша мәселелер енгізуді ұсыну;

3) Банктің Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап ету;

4) аудиторлық ұйым тарапынан өз есебінен Банктің аудитін жүргізуді талап ету.

3. Жарғының осы бабының 1 және 2 тармақтарымен белгіленген акционерлердің құқықтарын шектеуге жол берілмейді.

Жарғының осы бабының 1 тармағымен көзделген құқықтардан басқа акционерлер Жарғымен көзделген басқа да құқықтарды иелене алады.

18-бап. Банк акционерлерінің міндеттері

1. Банктің акционерлерінің төмендегідей міндеттері бар:

1) Жарғымен және Заңмен көзделген тәртіпте, мөлшерде және тәсілдермен акциялардың ақысын төлеу;

2) он күн ішінде банктің тіркеушісіне және аталған акционерге тиесілі акциялардың атаулы ұстаушысына Банктің акцияларын иеленушілер тізілімдерінің жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы хабарлау;

3) Банк туралы немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа да құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеу;

4) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес басқа да міндеттерді атқару.

2. Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша Банктің аффилиирленген тұлғалары болып табылатын акционерлердің төмендегідей міндеттері бар:

1) Банкпен аффилиирленгендік пайда болған күннен бастап жеті күн ішінде Банкке өзінің аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметтерді беру;

2) уәкілетті органның талап етуі бойынша құрылтай құжаттарын және Банктің ірі қатысушыларын және олардың қаржылық жағдайын айқындау үшін қажетті басқа да ақпаратты беру.

3. Банк және Банктің тіркеушісі Жарғының осы бабының 1-тармағының 2) тармақшасымен белгіленген талаптарды акционердің орындамағаны үшін жауапкершілік көтермейді.

19-бап. Банк акцияларымен мәмілелер жасау

1. Банк акцияларын акционерлердің сатуына Банктің кедергі келтіруге құқығы жоқ

2. Өзінің акцияларын сатқысы келетін акционерге оларды Банктің немесе үшінші тұлғалардың акционер ұсынған бағадан артық баға бойынша сатып алатыны туралы Банктің ұсыныс жасауға құқығы бар. Мұндай жағдайда акцияларды үшінші тұлғалар сатып алатын кезде,

акцияларды сатып алу туралы ұсыныста акциялардың саны, бағасы және сатып алушылардың деректемелері туралы мәліметтер болуға тиіс.

3. Өзі дербес немесе өзінің аффилиирленген тұлғаларымен бірлесіп, бағалы қағаздардың қайталама нарығында Банктің дауыс беруші акцияларының отыз немесе одан артық пайызын сатып алуды ниет ететін тұлға бұл туралы Банкке және уәкілетті органға белгіленген тәртіпте хабарландыру жолдауға міндетті. Хабарландыру сатып алынатын акциялар саны, сатып алудың шамаланған бағасы туралы мәліметтерден және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен анықталған өзге мәліметтерден тұруы тиіс.

4. Бағалы қағаздардың екінші нарығында дербес немесе өзінің аффилиирленген тұлғаларымен бірге Банктің дауыс беруші акцияларының отыз және одан көп пайызын сатып алған және оны сатып алу нәтижесінде дербес немесе өзінің аффилиирленген тұлғаларымен бірге Банктің дауыс беруші акцияларының отыз және одан көп пайызы меншігіне өткен тұлға сатып алған күннен бастап отыз күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында қалған акционерлерге өздеріне тиесілі Банк акцияларын сату ұсынысын жариялауға міндетті. Акционер өзіне тиесілі акцияны сату туралы ұсынысты оларды сату туралы ұсыныс жарияланған күннен бастап отыз күннен асырмай қабылдауға құқылы.

Акционерлерге тиесілі акцияны сату туралы ұсыныс Банктің дауыс беруші акцияларының отыз және одан көп пайызын сатып алған тұлға және оның аффилиирленген тұлғалары туралы деректерден, сонымен қатар атынан (атауы), тұратын жерінен (орналасқан жері), меншігіндегі акциялар санынан және Заңның 69 бабы 2 тармағына сәйкес анықталатын акцияны сатып алудың шамаланған бағасынан тұруы тиіс.

Акционердің өзіне тиесілі акцияларды сату туралы жазбаша келісімін алған жағдайда сатып алу туралы ұсынысты жариялаған тұлға акцияларды отыз күн ішінде төлеуге міндетті.

Акцияларды сатып алудың осы тармақта аталған тәртібі сақталмаған жағдайда Банктің дауыс беретін акцияларының отыз және одан да көп пайызын иеленуші тұлға (тұлғалар) өзімен (өздерімен) аффилиирленбеген тұлғаларға Банктің дауыс беретін акцияларының жиырма тоғыз пайызынан асатын акцияларының оған (оларға) тиесілі бір бөлігін иеліктен шығаруға міндетті.

Банктің өзіне тиесілі акцияларды сату туралы ұсынысқа жауап ретінде өтініш берген акционері осы ұсынысты жариялаған тұлғаның акцияларды сатып алудан бас тартуына сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

20-бап. Орналастырылған акцияларды Банктің сатып алуы

1. Банктің орналастырылған акцияларды сатып алу оларды кейіннен сату мақсатында немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына және Жарғыға қайшы келмейтін өзге де мақсаттарда Банктің бастамасы бойынша акционердің келісімімен жүргізілуі мүмкін.

Орналастырылған акцияларды Банктің бастамасы бойынша сатып алу Банк акцияларды қор биржасында ашық сауда-саттық әдісімен сатып алған жағдайларды қоспағанда, Банктің оларды сатып алған кезінде акциялардың құнын айқындаудың белгіленген тәртіппен бекітілген әдістемесіне сәйкес жүргізіледі.

2. Банктің бастамасы бойынша орналастырылған акцияларын Банктің сатып алуы директорлар Кеңесінің шешімі негізінде жүргізіледі.

3. Банктің:

1) акционерлердің бірінші Жалпы жиналысын өткізгенге дейін;

2) акцияларды құрылтайшылар арасында орналастыру қорытындылары туралы бірінші есеп бекітілгенге дейін;

3) егер акцияларды сатып алу нәтижесінде Банктің жеке капиталының мөлшері Заңмен белгіленген ең төменгі жарғылық капиталдың мөлшерінен аз болса;

4) егер акцияларды сатып алу кезінде Банк Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңдарына сәйкес төлем қабілетсіздігі не дәрменсіздігі белгілеріне сәйкес келсе не аталған белгілер Банкте оның барлық талап етілетін немесе сатып алу болжанатын акцияларды сатып алу нәтижесінде пайда болса;

5) егер сот немесе Банк акционерлерінің жалпы жиналысы оны тарату туралы шешім қабылдаса, өзінің орналастырылған акцияларын сатып алуға құқығы жоқ.

4. Егер Банктің бастамасы бойынша оның сатып алынатын орналастырылған акцияларының саны акцияларды сатып алу-сату мәмілесі (мәмілелері) жасалғанға дейінгі олардың жалпы санынан бір пайыз асатын болса, ол өз акционерлеріне осындай сатып алу туралы хабарлауға міндетті.

Банктің өзі орналастырған акцияларын сатып алуы туралы хабарламасында өзі сатып алатын акциялардың түрлері, саны, бағасы, мерзімі туралы және оларды сатып алу талаптары туралы мәліметтер болуға тиіс және ол бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға тиіс.

5. Банктің өз акционерлері сатып алуға өтініш берген орналастырылған акцияларының саны Банк сатып алуға жариялаған акциялардың санынан асып түскен жағдайда бұл акциялар акционерлерден оларға тиесілі акциялардың санына барабар сатып алынады.

6. Банк орналастырылған акцияларды сатып алуды:

1) акционерлердің Жалпы жиналысы Банкті қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдаған (егер акционер Банкті қайта ұйымдастыру туралы мәселе қаралған акционерлердің Жалпы жиналысына қатысып, оған қарсы дауыс берсе);

2) акционерлердің Жалпы жиналысы Банк акцияларының делистингі туралы шешім қабылдаған (егер акционер акционерлердің Жалпы жиналысына қатыспаса немесе егер ол осы жиналысқа қатысып, аталған шешімді қабылдауға қарсы дауыс берсе);

3) сауда-саттықты ұйымдастырушы Банк акцияларының делистингі туралы шешім қабылдаған;

4) Жарғымен және (немесе) Заңмен белгіленген тәртіппен қабылданған ірі мәміле жасау туралы шешіммен және (немесе) жасалуында Банктің мүддесі бар мәміле жасау туралы шешіммен келіспеген;

5) акционерлердің Жалпы жиналысы Жарғыға осы акционерге тиесілі акциялар бойынша құқықтарды шектейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдаған (егер акционер осындай шешім қабылданған акционерлердің Жалпы жиналысына қатыспаса немесе ол осы жиналысқа қатысып, аталған шешімнің қабылдануына қарсы дауыс берсе) жағдайларда өзіне қойылуы мүмкін Банк акционерінің талабы бойынша жүргізуге тиіс.

Орналастырылған акцияларды акционердің талап етуі бойынша Банктің сатып алуы Банктің акцияларды ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында сатып алуы кезінде олардың құнын айқындаудың Заңда белгіленген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

7. Акционер осы баптың 6-тармағында көрсетілген шешім қабылданған күннен бастап немесе сауда-саттықты ұйымдастырушы қоғам акцияларының делистингі туралы шешім қабылдаған күннен бастап отыз күн ішінде Банкке жазбаша өтініш жіберу арқылы өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы Банкке талап қоюға құқылы.

Аталған өтініш алынған күннен бастап отыз күн ішінде Банк акционерден акцияларды сәйкес белгіленген бағамен сатып алуға міндетті.

8. Банктің өз акционерлері сатып алуға өтініш берген орналастырылған акцияларының саны Банк сатып алуы мүмкін акциялардың санынан артық болған жағдайда бұл акциялар акционерлерден оларға тиесілі акциялардың санына барабар сатып алынады.

Банкпен сатып алатын орналастырылған акциялардың саны Заңмен белгіленген мөлшерден асауы керек.

21-бап. Эмитенттің бағалы қағаздарын және өзге де ақшалай міндеттемелерін Банктің жай акцияларына айырбастау

1. Банк айырбасталатын бағалы қағаздарды шығаруға құқылы.

2. Банктің акцияларға айырбасталатын бағалы қағаздарын шығаруға Банктің жарияланған және орналастырылған акциялары арасындағы айырма шегінде жол беріледі.

3. Банктің бағалы қағаздарын айырбастау шарттары, мерзімдері мен тәртібі айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару проспектісінде көрсетіледі.

4. Банктің бағалы қағаздарын және кредиторлар алдындағы өзге де ақшалай міндеттемелерін оның жай акцияларына айырбастау мынадай құжаттардың бірінің:

1) Банктің жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздар шығару проспектісі;

2) Қазақстан Республикасының банктер және банк қызметі туралы заңнамасында көзделген тәртіппен қабылданған Банкті қайта құрылымдау жоспары;

3) егер Банк дәрменсіз борышкер болып табылса, Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасында көзделген тәртіппен қабылданған оңалту жоспары негізінде жүзеге асырылады.

5. Егер бұрын Банктің жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды орналастырған кезде акционерлерге осы бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алу құқығы берілсе, осы бағалы қағаздар шығару проспектісі негізінде бағалы қағаздарды Банктің жай акцияларына айырбастау кезінде Банктің акционерлеріне акцияларды басымдықпен сатып алу құқығы беріледі.

6. Бағалы қағаздар Банктің активтері мен міндеттемелерін қайта құрылымдау рәсімі аясында немесе Банктің оңалту процесінде Банк акцияларына айырбасталатын жағдайда, егер Банк дәрменсіз борышкер болып табылса, артықшылықпен сатып алу құқығы акцияларын бағалы қағаздарды және (немесе) Банктің ақшалай міндеттемелерін оның акцияларына айырбастау арқылы орналастырған кезде Банктің акционерлеріне берілмейді.

7. Банк бағалы қағаздарды Банктің жай акцияларына айырбастауға, осындай айырбастау нәтижесінде жай акцияларды сатып алатын тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тиісті қызмет түрлерін жүзеге асыратын Банк акционерлеріне (акцияларды сатып алуды жоспарлайтын тұлғаларға) қатысты белгіленген талаптарды орындаған жағдайда құқылы.

Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген жағдайларда бағалы қағаздарды Банктің жай акцияларына айырбастауға тыйым салынады.

22-бап. Банктің акциялары мен басқа да бағалы қағаздарын кепілге салу

1. Банк акционерлерінің Банктің бағалы қағаздарын кепілге салуға құқығы бар.
2. Егер кепіл шарттарымен басқаша көзделмеген болса, Банк акционерінің өзі кепілге салған Банк акциясы бойынша дауыс беруге және дивидендтер алуға құқығы бар.

23-бап. Акциялар бойынша дивидендтер

1. Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер оның акционерлеріне Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға және акцияларды шығару проспектісіне сәйкес таза табыстың есебінен төленуі мүмкін.

2. Банктің жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді есептеуге:

1) жеке капиталының кері мөлшерінде немесе егер Банктің жеке капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде кері болғанда;

2) егер Банк Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңдарына сәйкес төлем қабілетсіздігі не дәрменсіздігі белгілеріне сәйкес келсе немесе аталған белгілер Банкте оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде пайда болса, жол берілмейді.

3. Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер жылына бір рет төленеді, бұл ретте бір артықшылықты акцияға дивидендтің кепілдендірілген мөлшері 0,01 (нөл бүтін жүзден бір) теңге мөлшерінде белгіленеді.

Артықшылықты акциялар бойынша есептелетін дивидендтер мөлшері сол кезең үшін жай акциялар бойынша есептелетін дивидендтер мөлшерінен аз болмайды.

Банктің Директорлар кеңесі артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеу мерзімін, тәртібін және үлгісін анықтайды.

Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді толық төлегенге дейін оның жай акциялары бойынша дивидендтер төленбейді.

V тарау. Банк органдары

24-бап. Банк органдары

1. Банк органдары болып:
- 1) жоғарғы орган – Акционерлердің Жалпы жиналысы;
 - 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
 - 3) атқарушы орган – Басқарма;
 - 4) Заңға, Қазақстан Республикасының өзге нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес басқа да органдар табылады.

25-бап. Банк акционерлерінің Жалпы жиналысы

1. Акционерлердің Жалпы жиналысы Банктің жоғарғы органы болып табылады. Акционерлердің жылдық жиналысынан басқа барлық жиналыстары кезектен тыс болып табылады.

2. Банк акционерлерінің жылдық Жалпы жиналысы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мерзімдерде өткізіледі.

3. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында:

- 1) Банктің жылдық қаржылық есеп-қисабы бекітіледі;
- 2) Банктің өткен қаржылық жылдағы таза табысын үлестіру тәртібі және Банктің бір жай акциясына шаққандағы дивидендтің мөлшері айқындалады;
- 3) акционерлердің Банктің және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне берген шағымдары және оларды қарастыру нәтижелері туралы мәселе қаралады.

Директорлар кеңесінің төрағасы Банк акционерлеріне Банктің Директорлар кеңесі мен Басқармасының мүшелерінің сыйақысының мөлшері мен құрамы туралы хабарлайды.

Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы шешімдер қабылдануы акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелерді қарастыруға құқығы бар.

26-бап. Акционерлердің Жалпы жиналысының құзыреті

1. Акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне төмендегі мәселелер жатады:

1) Банктің Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оның жаңа оқылымын бекіту;

2) Корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілген өзгертулер мен толықтыруларды бекіту;

3) Банкті ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

4) Банктің жарияланған акцияларының санын көбейту немесе Банктің орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

5) Банктің бағалы қағаздарын айырбастаудың шарттары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;

6) Банктің жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;

7) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың екінші түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастау тәртібі мен шарттарын анықтау;

8) санақ комиссиясының сандық құрамын және өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

9) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін, оның ішінде Директорлар кеңесінің Төрағасын сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы мен шығындар өтемақысын төлеу мөлшері мен шарттарын анықтау;

10) Банктің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау;

11) жылдық қаржылық есеп-қисапты бекіту;

12) Банктің есепті қаржылық жылдағы таза табысын үлестіру тәртібін айқындау, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Банктің бір жай акциясына шаққандағы дивидендтің мөлшерін бекіту;

13) Банктің жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау;

14) Банк акцияларын ерікті делистингтеу туралы шешім қабылдау;

15) Банкке тиесілі барлық активтердің жиынтығында жиырма бес немесе одан көп пайызын құрайтын активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) жолымен басқа заңды тұлғалар қатысушыларының (акционерлерінің) құрамынан шығу немесе басқа заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне Банктің қатысуы туралы шешім қабылдау;

16) акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру туралы акционерлерге Банктің хабарлауының нысанын айқындау және осындай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау туралы шешім қабылдау;

17) Заңға сәйкес Банк акцияларды ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесіне енгізілген өзгертулерді бекіту;

18) акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

19) егер акционерлерге Банктің қызметі туралы ақпаратты берудің тәртібі Банк Жарғысымен айқындалмаған болса, осындай тәртіпті айқындау, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын айқындау;

20) шешімдер қабылдануы Жарғымен және (немесе) Заңмен акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер.

2. Акционерлердің Жалпы жиналысының осы баптың 1-тармағының 1)-3) және 17) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша шешімдері Банктің дауыс беруші акцияларының жалпы санының білікті көпшілік даусымен қабылданады.

Егер Жарғымен өзге мәселелер бойынша шешім қабылдау үшін қажетті дауыстардың көпшілік саны белгіленбеген болса, акционерлердің Жалпы жиналысының басқа мәселелер бойынша шешімдері дауыс беруге қатысатын Банктің дауыс беруші акцияларының жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

3. Егер Қазақстан Республикасының Заңымен және өзге заңнамалық актілерімен басқаша көзделмеген болса, шешімдер қабылдау акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша

құзыретіне жатқызылған мәселелер Банктің басқа органдарының, лауазымды тұлғаларының немесе жұмыскерлерінің құзыретіне берілмейді.

4. Акционерлердің Жалпы жиналысы Банктің ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Банктің басқа органдарының кез келген шешімінің күшін қайтаруға құқығы бар.

27-бап. Акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру мен дайындау тәртібі

1. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын Банктің Директорлар кеңесі шақырады, акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысы Банктің Директорлар кеңесінің бастамасы бойынша және (немесе) ірі акционердің бастамасы бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен айқындалған басқа да жағдайларда шақырылады.

2. Банк акционерлерінің Жалпы жиналысын шақыру туралы акционерлерге хабарлау бұқаралық ақпарат құралдарында Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген тәртіп пен мерзімдерде ақпарат жариялау жолымен жүзеге асырылады. Банк акционерлерінің саны елу акционерден аспаса, акционерлердің Жалпы жиналысының өткізу туралы хабарландыру акционерлерге жазбаша ескерту жіберу арқылы жеткізілуі тиіс.

3. Акционерлердің Жалпы жиналысын дайындауды және өткізуді Банктің Басқармасы және (немесе) Директорлар кеңесі, онымен жасалған шартқа сәйкес тіркеуші, тарату комиссиясы жүзеге асырады.

4. Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын ірі акционердің бастамасы бойынша шақыру мен өткізудің ерекшеліктері Заңмен айқындалады.

5. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі қалыптастырады және онда талқылауға қойылатын нақты тұжырымдалған мәселелердің егжей-тегжейлі тізбесі болуға тиіс.

6. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін ірі акционер немесе Директорлар кеңесі толықтыра алады, бұл орайда Банктің акционерлеріне мұндай толықтырулар туралы Жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін он бес күн қалғаннан кешіктірілмей немесе Заңмен белгіленген тәртіпте хабарлануға тиіс.

7. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі, енгізілуіне орналастырылған (сатып алынғанды қоспағанда) артықшылықты акциялардың жалпы санынан кемінде үштен екісі дауыс берген болса, шешімі артықшылықты акцияларға ие акционерлердің құқығын шектеуі мүмкін мәселемен толықтырылуы мүмкін.

8. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар акционерлер танысуы үшін Банкінің Басқармасы орналасқан жерде жиналыс өткізілетін күннен он күн бұрын дайын әрі қол жетімді болуға тиіс, ал акционердің сұрау салуы болған жағдайда – сұрау салу алынғаннан кейін оған үш жұмыс күні ішінде жіберілуі тиіс.

9. Күн тәртібінде кеңінен түсінілетін тұжырымдамаларды, соның ішінде «әр түрлі», «өзге», «басқалар» деген және соларға ұқсас тұжырымдамаларды пайдалануға тыйым салынады.

28-бап. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу тәртібі

1. Банк акционерлерінің Жалпы жиналысына Банктің тіркеушісі ұсынған және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банк акционерлерінің тізілімі жасалған күнге қарай дайындалған Банк акционерлерінің тізіліміне акционер ретінде кіргізілген акционерлер қатысып, дауыс бере алады.

2. Банктің әрбір акционерінің Заңмен көзделген жағдайларды қоспағанда, «бір акция – бір дауыс» қағидасы бойынша дауыс беру құқығы бар.

3. Акционердің акционерлердің жалпы жиналысында қарастырылатын мәселелер бойынша жеке өзі немесе өзінің өкілі арқылы қатысуға және дауыс беруге құқығы бар. Акционердің өкілі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес рәсімделген сенімхаттың негізінде әрекет етеді. Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға сенімхат заңнамаға немесе шартқа сәйкес акционердің атынан әрекет етуге немесе оның мүдделерін сенімхатсыз білдіруге құқығы бар тұлға үшін талап етілмейді.

Акциялардың жиынтық топтамасы Банк акцияларының он және одан да көп пайызын құрайтын Банк ірі акционерінің және (немесе) акционерлердің өкілі, акционерлердің Жалпы жиналысында, сенімхатта көрсетілген, акционердің шешімі бойынша Жалпы жиналыстың әр сұрағы бойынша акционердің (акционерлердің) жазбаша нұсқамасы болған жағдайда дауыс беруге құқылы.

Банк акциясынан он пайыздан аз акциялар топтамасы бар акционер өкілі, және (немесе) акциялардың жиынтық топтамасы Банк акциясынан он пайызынан аз акционер, акционердің

(акционерлердің) мүддесін сенімхатта жазбаша нұсқауынсыз Жалпы жиналыстың әр сұрағы бойынша білдіруге құқылы.

4. Банк Басқармасы мүшелерінің акционерлердің Жалпы жиналысында акционерлердің өкілдері ретінде шығуға құқығы жоқ.

Банк қызметкерлерінің акционерлердің Жалпы жиналысында акционерлердің өкілдері ретінде шығуға құқығы жоқ, бірақ мұндай өкілдік Акционерлердің Жалпы жиналысы күн тәртібінің барлық мәселесі бойынша дауыс беру туралы нақты нұсқамадан тұратын сенімхатқа негізделген жағдай қосылмайды.

5. Артықшылықты акциялардың меншік иесі болып табылатын Банк акционері көзбе-көз өткізілетін акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және олар қарастыратын мәселелердің талқысына қатысуға құқығы бар.

Акционерлердің Жалпы жиналысында шақырылған тұлғалар, акционерлердің Жалпы жиналысын дайындауға және өткізуге қатысқан Банктің лауазымды тұлғалары мен басқа да жұмыскерлері қатысып отыра алады, сондай-ақ шығып сөйлей алады.

6. Кепілде жатқан акциялар бойынша дауыс беру кепіл шартына сәйкес жүзеге асырылады.

7. Дауыс беру қорытындылары бойынша санақ комиссиясы дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасап, оған қол қояды.

Акционердің дауыс беруге қойылған мәселе бойынша ерекше пікірі болған жағдайда, Банктің санақ комиссиясы хаттамаға тиісті жазба енгізуге міндетті. Дауыс беру қорытындылары бойынша хаттама жасалып, оған қол қойылғаннан кейін хаттаманы жасауға негіз болған, тікелей жасырын және сырттай дауыс беруге арналған толтырылған бюллетеньдер (соның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер) хаттамамен бірге тігіліп, Банктің мұрағатына сақталуға тапсырылады.

8. Егер жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған сәтке қарай оған қатысу үшін акционерлердің тізіміне кіргізілген акционерлер немесе олардың өкілдері, сондай-ақ жиналысқа қатысу үшін акционерлердің тізіміне кіргізілген, жиынтығында Банктің дауыс беруші акцияларының елу немесе одан көп пайызын иеленетін акционерлерден дауыс беруші акцияларды сатып алған тұлғалар тіркелген болса, Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелерін қарастыруға және олар бойынша шешім қабылдауға құқығы бар.

Бұл орайда акционерлер өздерінің Банктің акцияларына деген меншік құқығын растайтын құжаттарды көрсетуі тиіс.

9. Егер кворумның болмауының себебінен болмай қалған акционерлердің Жалпы жиналысын шақырудың тәртібі сақталған болса және тіркеу аяқталған сәтке қарай оған қатысу үшін, жиынтығында Банктің дауыс беруші акцияларының қырық немесе одан көп пайызын иеленетін акционерлер (олардың өкілдері) тіркелген болса, болмай қалған жиналыстың орнына шақырылған акционерлердің екінші қайтара Жалпы жиналысы толық заңды болады.

10. Акционерлердің Жалпы жиналысы шешімдерді ашық немесе жасырын дауыс беру жолымен қабылдайды.

11. Акционерлердің Жалпы жиналысы Жалпы жиналыстың төрағасын, хатшысын сайлауды іске асырады.

12. Банктің Басқармасының мүшелері акционерлердің Жалпы жиналысында төрағалық ете алмайды.

13. Акционерлердің Жалпы жиналысының хатшысы Банк акционерлерінің Жалпы жиналысының хаттамасында жазылған мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығы үшін жауап береді.

14. Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасы акционерлердің Жалпы жиналысы жабылған күннен кейін үш жұмыс күні өткеннен кешіктірілмей рәсімделуі және төмендегілерді қамтуы тиіс:

- 1) Банктің толық атауы және Банк Басқармасының орналасқан жері;
- 2) акционерлердің Жалпы жиналысы өткізілген күні, орны және уақыты;
- 3) акционерлердің Жалпы жиналысына қатысқан Банктің дауыс беруші акцияларының саны туралы мәліметтер;
- 4) акционерлердің Жалпы жиналысының кворумы;
- 5) акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру тәртібі;
- 7) акционерлердің Жалпы жиналысының төрағасы мен хатшысына сілтеме;
- 8) акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінің дауыс беруге қойылған әрбір мәселесі бойынша акционерлер дауыстарының жалпы саны;
- 9) акционерлердің Жалпы жиналысына қатысқан тұлғалардың сөйлеген сөздері;

- 10) дауыс беруге қойылған мәселелер, олар бойынша дауыс берудің қорытындылары;
 - 11) акционерлердің Жалпы жиналысы қабылдаған шешімдер.
15. Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасына төраға, хатшы, дауыс беруші акциялардың он және одан көп пайызын иеленетін және акционерлердің аталған Жалпы жиналысына қатысқан әрбір акционер, санақ комиссиясының мүшелері қол қояды.

29-бап. Акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдау

1. Банк акционерлерінің Жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беруді өткізу жолымен қабылдана алады. Сырттай дауыс беру акционерлердің Жалпы жиналысына қатысып отырған Банк акционерлерінің келіп дауыс беруімен бірге (аралас дауыс беру) немесе Банк акционерлерінің Жалпы жиналысының отырысын өткізбестен қолданыла алады.

2. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізбестен сырттай дауыс берген кезде, Банк бұқаралық ақпарат құралдарында акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беруге арналған бюллетеньді акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу туралы хабарландырумен (хабарламамен) бірге акционерлердің Жалпы жиналысы өткізілетін күнге 45 күн қалғаннан кешіктірмей жариялайды.

3. Сырттай дауыс беру өткізілген кезде күн тәртібінің мәселелері бойынша шешімдер қабылдау үшін біртұтас нысандағы бюллетеньдер пайдаланылуы тиіс.

Дауыс беруге арналған бюллетеньде төмендегілер болуы тиіс:

- 1) Банктің толық атауы және Банк Басқармасының орналасқан жері;
- 2) акционерлердің Жалпы жиналысын шақырудың бастамашысы туралы мәліметтер;
- 3) сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді ұсынудың соңғы күні;
- 4) акционерлердің Жалпы жиналысы шақырылған жағдайда, оның өткізілетін күні немесе Банк акционерлердің Жалпы жиналысын өткізбестен сырттай дауыс беру үшін дауыстар саналатын күн;
- 5) акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) егер акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, сайлауға ұсынылатын үміткерлердің аты-жөні;
- 7) дауыс беруді өткізуге негіз болатын мәселелердің тұжырымдамасы;
- 8) акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінің дауыс беруге қойылған әрбір мәселесі бойынша «жақ», «қарсы», «қалыс қалды» деген сөздермен білдірілген дауыс беру нұсқалары;

9) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру (бюллетеньді толтыру) тәртібінің түсіндірмесі;

4. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге акционер – жеке тұлға қол қойып, аталған тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәлімет көрсетілуі тиіс. Акционер – заңды тұлғаның сырттай дауыс беруге арналған бюллетеніне оның басшысы қол қоюы және заңды тұлғаның мөрімен куәландырылған болуы тиіс.

Акционер – жеке тұлғаның немесе акционер – заңды тұлғаның басшысының қолтаңбасынсыз, сондай-ақ заңды тұлғаның мөрінсіз бюллетень жарамсыз деп саналады.

5. Сырттай дауыс беру нысанында қабылданатын шешімдер акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу үшін қажетті кворум сақталған жағдайда күшінде болып табылады.

6. Сырттай дауыс берудің нәтижелері Жарғымен айқындалған бұқаралық ақпарат құралдарында, Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген мерзімдерде жариялануы тиіс.

30-бап. Банктің Директорлар кеңесі

1. Банктің Директорлар кеңесі, Жарғымен акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзіретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Банктің қызметіне жалпы басшылық жасайды.

2. Банктің Директорлар кеңесінің мүшелерін Директорлар кеңесінде бір орынға бір үміткер дауысқа түсетін жағдайды қоспағанда, акционерлердің Жалпы жиналысы кумулятивтік дауыс беру жолымен сайлайды.

Кумулятивтік дауыс беру бюллетені келесі графалардан тұруы тиіс:

- 1) Директорлар кеңесінің мүшелігіне үміткерлер тізімі;
- 2) Акционерге тиесілі дауыстар саны;
- 3) Директорлар кеңесінің мүшелігіне үміткер үшін акционер берген дауыстар саны.

Кумулятивтік дауыс беру бюллетеніне «қарсы» және «қалыс қалды» дауыс беру нұсқаларын енгізуге тыйым салынады.

Акционердің өзіне тиесілі акциялар бойынша дауыстарын түгелдей бір үміткер үшін беруге немесе оларды Банктің Директорлар кеңесінің бірнеше мүшесінің арасында бөлуге құқығы бар. Банктің Директорлар кеңесіне ең көп дауыстар санын жинаған үміткерлер сайланды деп саналады.

Егер Директорлар кеңесінің мүшелігіне екі немесе одан көп үміткер тең дауыстар санын жинаған жағдайда, осындай үміткерлерге қатысты акционерлерге тең дауыстар санын жинаған үміткерлерді көрсете отырып, кумулятивтік дауыс беру бюллетендерін беру арқылы қосымша кумулятивтік дауыс беру іске асырылады.

3. Банктің Директорлар кеңесінің мүшелерінің өкілеттік мерзімін акционерлердің Жалпы жиналысы белгілейді. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Жарғымен және Заңмен көзделген тәртіпте, Банктің Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау іске асырылатын акционерлердің Жалпы жиналысы өткізілген сәтке қарай аяқталады.

4. Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі бойынша Банктің Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің (мүшелерінің) өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау Жалпы жиналыста өкілдігі бар акционерлердің кумулятивтік дауыс беруі арқылы жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттіктері Банктің Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің өкілеттік мерзімінің аяқталуымен бірге аяқталады.

5. Директорлар кеңесі мүшесінің бастамасы бойынша оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесін жазбаша хабарландыру негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің осындай мүшесінің өкілеттіктері аталған хабарландыруды Директорлар кеңесі алған сәттен бастап тоқтатылады.

Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы баптың 13-тармағында белгіленген кворумға жету үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелерінің тек акционерлердің осындай кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдауға ғана құқығы бар.

6. Директорлар кеңесінің мүшесі болып тек жеке тұлға ғана сайлана алады. Директорлар кеңесінің мүшесі өзіне Заңға және (немесе) Банк Жарғысына сәйкес жүктелген қызметтерді орындауды өзге тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) жеке тұлға-акционерлерден;

2) акционерлердің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылған тұлғалардан;

3) Банк акционерлері болып табылмайтын және акционер өкілі ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылмаған жеке тұлғалардан сайланады.

7. Басқарма Төрағасынан басқа Басқарма мүшелері Банктің Директорлар кеңесінің мүшелері болып табыла алмайды.

8. Банктің Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына Банктер туралы Заң қоятын талаптарға сай келмейтін тұлға тағайындала (сайлана) алмайды.

9. Банктің Директорлар кеңесінің Төрағасы акционерлердің Жалпы жиналысымен сайланады (тағайындалады). Акционерлердің Жалпы жиналысы кез келген уақытта Банктің Директорлар кеңесінің Төрағасын қайта сайлауға құқылы.

Директорлар кеңесінің Төрағасы директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді, сондай-ақ Жарғымен айқындалған басқа да міндеттерді жүзеге асырады.

10. Директорлар кеңесінің отырыстары, оның төрағасының немесе Басқарманың бастамасы бойынша немесе Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің, Ішкі аудит қызметінің, Банктің аудитін жүзеге асырушы аудиторлық ұйымның, Банктің ірі акционерінің талап етуі бойынша шақырылады.

11. Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарландыру жолдау тәртібін Директорлар кеңесі айқындайды.

12. Директорлар кеңесінің мүшесі, Директорлар кеңесінің отырысына өзінің қатыса алмайтыны туралы Директорлар кеңесінің төрағасына алдын ала хабарлауға міндетті.

13. Банктің Директорлар кеңесінің отырысын өткізуге арналған кворум, бір тәуелсіз директорды қосқанда, Банктің Директорлар кеңесінің мүшелерінің жалпы санының жартысынан кем болмауға тиіс.

14. Директорлар кеңесінің әр мүшесі бір дауысты иеленеді.

Банктің Директорлар кеңесінің шешімдері Банктің Директорлар кеңесінің мүшелерінің жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

Дауыстар тең болған жағдайда, Директорлар кеңесі Төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық ететін тұлғаның даусы шешуші болып табылады.

15. Көзбе көз тәртіпте өткізілген отырыста қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесінің отырысының хаттамасымен отырыс өткізілген күннен бастап үш күн ішінде рәсімделеді.

16. Директорлар кеңесі отырысының хаттамасына Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе отырыста төрағалық етуші және отырыстың хатшысы қол қояды.

17. Банктің Директорлар кеңесінің қарастырылуына қойылған мәселелер бойынша шешімдер көзбе көз отырысты өткізбестен сырттай дауыс беру арқылы немесе Директорлар кеңесінің отырысына қатысып отырған Банктің Директорлар кеңесінің мүшелерінің дауыс беруімен бірге сырттай дауыс беру арқылы (аралас дауыс беру) қабылдана алады.

Күн тәртібінің мәселелері бойынша сырттай дауыс беруді өткізу үшін және Банктің Директорлар кеңесінің аралас дауыс берілетін отырысын өткізу үшін Банктің Директорлар кеңесінің мүшелеріне дауыс беруге арналған біртұтас нысандағы бюллетеньдер жіберіледі. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде төмендегілер болуы тиіс:

- Банктің толық атауы және орналасқан жері;
- Банктің Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру арқылы өткізілетін отырысын шақырудың бастамашысы туралы мәліметтер;
- сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдер ұсынудың соңғы күні;
- Банктің Директорлар кеңесінің отырысындағы дауыстарды санау күні;
- егер Банктің Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру арқылы өткізілетін отырысының күн тәртібінде Банк Басқармасының мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, сайлауға ұсынылатын үміткерлердің аты-жөні;
- дауыс беруді жүргізуге негіз болған мәселелердің тұжырымдамасы;
- Банктің Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру арқылы өткізілетін отырысының күн тәртібінің дауыс беруге қойылған әрбір мәселесі бойынша «жақ», «қарсы», «қалыс қалды» деген сөздермен білдірілген дауыс беру нұсқалары;
- Банктің Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру арқылы өткізілетін отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру (бюллетенді толтыру) тәртібінің түсіндірмесі;

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге Банктің Директорлар кеңесінің мүшесі қол қойып, аталған тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәлімет көрсетілуі тиіс. Банктің Директорлар кеңесі мүшесінің қолы қойылмаған бюллетень күшінде жоқ деп саналады. Дауыстарды санаған кезде Банктің Директорлар кеңесінің мүшесі бюллетеньде айқындалған дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің ықтимал нұсқаларының бірінің тұсына белгі қойылған мәселелер бойынша дауыстар есепке алынады.

Сырттай дауыс беру арқылы және (немесе) аралас дауыс беру арқылы шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған жағдайда қабылданған деп саналады. Директорлар кеңесінің сырттай өткізілетін отырысының шешімі (Директорлар кеңесінің шешімі) жазбаша түрде рәсімделуі және оған Директорлар кеңесінің хатшысы мен Төрағасы қол қоюы тиіс.

18. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімдер Банктің мұрағатында сақталады. Директорлар кеңесінің хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша, оған Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімдерді танысу үшін ұсынуға және (немесе) оған Банктің уәкілетті жұмыскерінің қолтаңбасымен және Банктің мөрімен куәландырылған хаттама мен шешімнің үзінді көшірмелерін беруге міндетті.

19. Күн тәртібі мәселелері бойынша материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілген күнге дейін 3 (үш) күнтізбелік күн бұрын беріледі. Ерекше жағдайларда Банктің тиімді және оңтайлы қызмет етуі мақсатында жедел шешім қабылдау үшін материалдарды Банк Директорлар кеңесінің отырысы өткізілетін күні отырыс басталғанға дейін беруге жол беріледі.

Ірі мәміле және (немесе) жасалуында мүдде бар мәміле бекіту туралы шешім қабылдау бойынша мәселені қараған жағдайда мәміле туралы ақпарат мәміле тараптары, мәмілені орындау мерзімдері мен шарттары, тартылған тұлғалардың қатысу үлесінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтерден, сонымен қатар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген жағдайларда бағалаушы есебінен тұруы тиіс.

31-бап. Банктің Директорлар кеңесінің құзыреті

1. Директорлар кеңесі Жарғымен оның құзыретіне жатқызылған Банктің қызметі мәселесі бойынша шешімдер қабылдайды.
2. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне төмендегі мәселелер жатады:
 - 1) Банктің қызметінің басым бағыттарын, оның ішінде Банктің даму стратегиясын, Банк бюджетін бекіту арқылы айқындау;
 - 2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс Жалпы жиналыстарын шақыру туралы шешім қабылдау;
 - 3) акцияларды орналастыру (сату) туралы, соның ішінде жарияланған акциялардың санының шегіндегі орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны туралы, оларды орналастыру (сату) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
 - 4) Банктің орналастырылған акцияларын немесе басқа бағалы қағаздарын сатып алу және олардың сатып алу құны туралы шешім қабылдау;
 - 5) Банктің жылдық қаржылық есеп-қисабын алдын ала бекіту;
 - 6) Банктің облигациялары мен туынды бағалы қағаздарын шығарудың шарттарын айқындау, сонымен қатар оларды шығару туралы шешім қабылдау;
 - 7) Банк Басқармасының сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, Басқарманың Төрағасы мен Басқарма мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
 - 8) Басқарма Төрағасының және Басқарма мүшелерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы беру шарттарын айқындау;
 - 9) Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, уәкілеттік мерзімін анықтау, Ішкі аудит қызметі жұмысының тәртібін, Ішкі аудит қызметі жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы берудің мөлшері мен шарттарын айқындау, сонымен қатар оның басшысы мен мүшелерін тағайындау;
 - 10) корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық айлықақысының мөлшерін және сыйақы төлеудің шарттарын айқындау;
 - 11) қаржы есептілігіне аудит жүргізгені үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Банк акцияларының төлемақысы ретінде берілген немесе ірі мәміленің мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының көрсеткен қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау;
 - 12) Банктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (атқарушы орган Банктің қызметін ұйымдастыру үшін қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), соның ішінде Банктің бағалы қағаздарының аукционын және оларға жазылуды өткізудің шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
 - 13) Банктің филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
 - 14) басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) он және одан көп пайызын Банктің сатып алу немесе иеліктен шығару туралы шешім қабылдау;
 - 15) акцияларының он және одан көп пайызы (жарғылық капиталындағы қатысу үлесі) Банкке тиесілі заңды тұлғаның акционерлерінің (қатысушыларының) Жалпы жиналысының құзіретіне кіретін қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
 - 16) Банктің міндеттемелерін оның меншікті капиталының мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын шамаға көбейту;
 - 17) Банк Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;
 - 18) Банк туралы немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа да құпияны құрайтын ақпаратты айқындау;
 - 19) ірі мәмілелерді және жасалуында Банктің мүддесі бар мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;
 - 20) акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылмаған, Заңмен көзделген басқа да мәселелер.
3. Тізімі Жарғының осы бабының 2 тармағымен белгіленген мәселелер шешу үшін Банк Басқармасына берілмейді.
4. Директорлар кеңесінің Жарғыға сәйкес Басқарма құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдерді қабылдауға құқығы жоқ.
5. Директорлар кеңесі:

1) лауазымды тұлғалар мен акционерлер деңгейінде әлеуетті мүдделер қайшылығын, оның ішінде жасалуында мүдде бар мәмілелер бекіткенде лауазымын асыра пайдалануды және Банк меншігін заңсыз пайдалануды қадағалау мен мүмкіндігінше болдырмауы;

2) Банктегі корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігі бақылауы жасауы тиіс.

32-бап. Банк Директорлар кеңесінің комитеттері

1. Барынша маңызды мәселелерді қарастыру үшін және Директорлар кеңесіне ұсыныстар дайындау үшін төмендегі мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің комитеттері құрылуы мүмкін:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлар және сыйақылар;
- 3) ішкі аудит;
- 4) әлеуметтік мәселелер;

Банктің ішкі құжаттарымен басқа да мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің Комитеттерін құру көзделген.

2. Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан тұрады.

Директорлар кеңесінің комитетін Директорлар кеңесінің бір мүшесі басқарады. Жарғының осы бабының 1 тармағы бірінші бөлігінде көрсетілген Директорлар кеңесі Комитеттерінің басшылары (төрағалары) болып тәуелсіз директорлар табылады.

Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесі Комитетінің Төрағасы бола алмайды.

3. Директорлар кеңесінің Комитеттерін қалыптастырудың және жұмысының тәртібі, сондай-ақ олардың сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін Банктің ішкі құжатымен белгіленеді.

33-бап. Басқарма

1. Басқарма Банктің ағымдағы қызметіне басшылық жасауды жүзеге асыратын Банктің алқалы атқарушы органы болып табылады.

2. Банктің Басқармасы Басқарма Төрағасынан және Банктің Басқарма мүшелерінен тұрады. Басқарманың сандық және дербес құрамын Банктің Директорлар кеңесі айқындайды.

3. Басқарманың мүшесі болып тек жеке тұлға ғана сайлана алады.

Банк Басқармасының мүшесі лауазымына Қазақстан Республикасының заңнамасы қоятын талаптарға сай келмейтін тұлға сайлана (тағайындала) алмайды.

4. Банктің Директорлар кеңесінің шешімімен Банктің Басқарма мүшелерінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін. Басқарма Төрағасымен жасалатын жеке еңбек шартына Банктің атынан Банктің Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе бұған Директорлар кеңесі уәкілеттік берген тұлға қол қояды. Басқарманың қалған мүшелерімен жасалатын жеке еңбек шарттарын Банктің атынан Банктің Басқарма Төрағасы жасайды. Басқарма мүшелерінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Жарғымен, Банктің ішкі нормативтік құжаттарымен және Банктің Басқарма мүшелерімен бекіткен еңбек шарттарымен айқындалады.

5. Банк Басқармасы мүшесінің басқа ұйымдарда тек Банктің Директорлар кеңесінің келісімімен ғана жұмыс істеуге құқығы бар. Банктің Басқарма Төрағасының басқа заңды тұлғаның атқарушы органы басшысының немесе атқарушы органының функцияларын жеке дара жүзеге асырушы тұлғаның қызметін атқаруға құқығы жоқ.

6. Банктің Басқармасы қажет болған жағдайда, Банктің Басқарма Төрағасының немесе оның мүшелері санының үштен бірінің талап етуі бойынша шақырылады.

Банк Басқармасы отырысында жалпы мүшелері санының жартысынан артық болса оның құзыретіне жатқызылған және қарастырылуына қойылған мәселелер бойынша шешімдерді қабылдауға өкілетті.

Банк Басқармасының отырыстары кез келген күнде (мейрам немесе демылыс), кез келген жерде, кез келген уақытта жинала алады. Банк Басқармасының отырыстары Банк Басқармасының Төрағасымен немесе оның орнындағы тұлғамен жүргізіледі.

Банк Басқармасының әр мүшесі бір дауысты иеленеді. Банк Басқармасының шешімдері Банк Басқарма мүшелерінің жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, Басқарма Төрағасының немесе оның орнындағы тұлғаның даусы шешуші болып табылады. Банк Басқармасы мүшесінің дауыс беру құқығын өзге тұлғаға, оның ішінде Банк Басқармасының басқа мүшесіне беруге болмайды.

Банк Басқармасының отырыстарының хаттамасын іске асыру міндетті және оның іске асырылуы отырыстың хатшысымен жүргізіледі. Банк Басқармасының шешімімен келіспеген жағдайда, Басқарманың мүшесі отырыстық хаттамаға отырыстың хатшысы арқылы ерекше пікірін енгізуді міндетті түрде талап етуге құқылы. Банк Басқармасының отырыстық хаттамасы жүргізілген күннен кейін үш жұмыс күні өткеннен кешіктірілмей рәсімделуі Банктің Басқарма Төрағасымен немесе оның орынбасарымен және отырыстың хатшысымен қол қойылуы тиісті.

Банк Басқармасының отырыстық хаттамасы Банктің мұрағатында сақталады.

34-бап. Басқарманың құзыреті

1. Басқарма акционерлердің Жалпы жиналысының, Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді және акционерлердің Жалпы жиналысының және Банктің Директорлар кеңесінің, Банктің лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Банк қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға уәкілетті.

2. Басқарма төмендегі қызметтерді жүзеге асырады:

1) Банктің Даму стратегиясының жобасын, бюджетті алдын ала қарастырады және Банктің Директорлар кеңесінің бекітуіне шығарады;

2) бекітілуі Банктің басқа органдарының құзыретіне жатқызылған құжаттарды қоспағанда, Банктің қызметін реттейтін ішкі құжаттарды бекітеді;

3) Банктің ұйымдастырушылық құрылымын бекітеді;

4) Банктің қызметін реттейтін ішкі еңбек тәртібінің ережелерін және өзге де ережелерді өзінің құзыретінің шегінде бекітеді;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға қайшы келмейтін және Банктің басқа органдарының құзыретіне жатқызылмаған, Банктің ішкі реттеуші құжаттарымен көзделген басқа да қызметтерді жүзеге асырады.

3. Басқарманың мүшелері өздерінің құзыреті шегінде, үшінші тұлғалармен қарым-қатынас жасауға Банктің атынан сенімхаттарға қол қоюға құқықты.

4. Банк Басқармасының өзінің құзыретіне жататын барынша маңызды мәселелерді қарастыру үшін жұмыс органдарын немесе комитеттерін құруға құқығы бар.

35-бап. Басқарма Төрағасы

1. Басқарма Төрағасы төмендегі қызметтерді жүзеге асырады:

1) акционерлердің жалпы жиналысының және директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді;

2) Банк Басқармасының жұмысын ұйымдастырады, Банктің қызметіне шұғыл басшылық жасауды жүзеге асырады;

3) үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда Банктің атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

4) Банктің үшінші тұлғалармен қарым-қатынасында, оның атынан өкілдік ету құқығына сенімхаттар береді;

5) Банктің штаттық күн тәртібін бекітеді;

6) Банктің жұмыскерлерін қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады (Заңмен белгіленген жағдайларды қоспағанда), оларға көтермелеу шараларын қолданады, және тәртіптік жазалар тағайындайды, Банк жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларының және айлықақыларына дербес үстемақыларының мөлшерін штаттық кестеге сәйкес белгілейді, Банктің атқарушы органының және ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін жұмыскерлерді қоспағанда, Банк жұмыскерлерінің сыйлықақыларының мөлшерін айқындайды;

7) өзі болмаған жағдайда өзінің міндеттерін атқаруды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;

8) Басқарма мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер мен жауапкершілік салаларын бөледі;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Жарғыға қайшы келмейтін басқа да қызметтерді жүзеге асырады.

36-бап. Ішкі аудит қызметі

1. Банктің қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылау жасауды Ішкі аудит қызметі жүзеге асырады.

2. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және өзінің жұмысы туралы оның алдында есеп береді.

Ішкі аудит қызметі жұмысының тәртібін, Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы берудің мөлшері мен шарттарын Банктің Директорлар кеңесі айқындайды.

3. Ішкі аудит қызметі, өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Жарғыны, ішкі аудит қызметі туралы ережені, сондай-ақ Банктің басқа да ішкі ережелері мен құжаттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тұстарда, ішкі аудиттің халықаралық стандарттарын басшылыққа алады.

4. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Банк басқармасының және Директорлар кеңесінің құрамына сайлана алмайды, ішкі аудит қызметінің Басшысы мен қызметкерлері бір мезгілде банктің басқа бөлімшелерін басқара (жетекшілік ете) алмайды, сондай-ақ банктің несие комитетінің және басқа органдарының мүшелері бола алмайды.

5. Ішкі аудит қызметінің мүшелерін Банктің Директорлар кеңесі тағайындайды.

6. Ішкі аудит қызметінің Басшысы мен қызметкерлері Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасының талаптарына сай келуге тиіс.

VI тарау. Банктің қаржылық есеп-қисабы және аудиті.

Банктің ақпаратты ашуы. Ерекше шарттар белгіленген мәмілелер бекіту тәртібі

37-бап. Банктің қаржылық (операциялық) жылы. Есеп жүргізу және есеп беру

1. Банктің қаржылық (операциялық) жылы 1 қаңтарда басталады және 31 желтоқсанда аяқталады.

2. Банк өзі жүргізетін операцияларды қаржылық есеп-қисаптың халықаралық стандарттарына сәйкес және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

38-бап. Қаржылық есеп-қисап

1. Банктің бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есеп-қисап жасау тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есеп-қисап туралы заңнамасымен және қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарымен белгіленеді.

2. Банктің Басқармасы жыл сайын Банк акционерлерінің Жалпы жиналысына аудиті Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес жүргізілген өткен жылға арналған жылдық қаржылық есеп-қисабын талқылау және бекіту үшін ұсынады. Қаржылық есеп-қисаптан өзге, Басқарма акционерлердің Жалпы жиналысына аудиторлық есепті ұсынады. Жылдық қаржылық есеп-қисап акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы өткізілетін күнге отыз күн қалғаннан кешіктірілмей, Банктің Директорлар кеңесінің алдын ала бекітуіне жатады.

Жылдық қаржылық есеп-қисапты түпкілікті бекіту акционерлердің жылдық Жалпы жиналысында іске асырылады.

3. Банк жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті жариялайды, еншілес ұйым (ұйымдар) болмаған жағдайда – шоғырландырылмаған қаржылық есептілікті, сонымен қатар аудиторлық есептілікті аудиторлық ұйым Заңның 19 бабы 4 тармағының талаптарына сәйкес келетінін, есептілікте берілген мәліметтердің сенімділігін растағаннан кейін және Банк акционерлерінің жылдық Жалпы жиналысы қаржылық есептілікті бекіткеннен кейін уәкілетті орган белгілеген тәртіп пен мерзімдерде жариялайды.

Жасалуында мүдде бар мәміле және (немесе) ірі мәміле жөніндегі ақпарат қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес жылдық қаржылық есептіліктің түсіндірме хатында ашылады. Банк активтерінің мөлшерінен он және одан көп пайыз сомасына мүлік иеліктен шығарылатын немесе сатып алынатын мәміле туралы ақпарат мәміле тараптары, мәміле мерзімдері мен шарттары, тартылған тұлғалардың қатысу үлесінің көлемі мен сипаты туралы ақпараттан, сонымен қатар мәміле туралы өзге деректерден тұрады.

Банк тоқсан сайын аудиторлық растаусыз уәкілетті органмен белгіленген тәртіп пен мерзімдерде қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес келетін бухгалтерлік балансты, пайда мен зияны туралы есептілікті жариялайды.

4. Банк қаржылық есептілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды.

5. Банк жылдық қаржылық есеп-қисапты уәкілетті органға Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген мерзімдерде және тәртіпте береді.

39-бап. Банктің аудиті

1. Банктің жылдық қаржылық есеп-қисабының дұрыстығын, сондай-ақ оның істерінің ағымдық күйін тексеру мен растауды Қазақстан Республикасындағы аудиторлық қызмет туралы

заңнамаға сәйкес аудит өткізуге құқығы бар аудиторлық ұйым Қазақстан Республикасының банктік қызмет туралы заңнамасының талаптарын ескере отырып іске асыруы тиіс.

2. Тексерістің нәтижелерін және өзінің қорытындысын аудиторлық ұйым Банктің Директорлар кеңесіне және Басқармасына ұсынылатын аудиторлық есепте баяндайды.

3. Банктің аудиті Директорлар кеңесінің, Басқарманың бастамасы бойынша Банктің есебінен немесе ірі акционердің талап етуі бойынша оның есебінен іске асырылады, бұл орайда ірі акционердің аудиторлық ұйымды өзі дербес айқындауға құқығы бар. Аудит ірі акционердің талап етуі бойынша жүргізілген жағдайда, Банк аудиторлық ұйым сұрататын барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) беруге міндетті.

40-бап. Банктің ақпаратты ашуы

1. Банк өз акционерлері мен инвесторларға келесі корпоративтік оқиғаларды хабарлауға міндетті:

1) бірқатар мәселелер бойынша Акционерлердің жалпы жиналысы және Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер, олар туралы ақпарат Банктің ішкі құжаттарына сәйкес акционерлер мен инвесторларға жеткізілуі тиіс;

2) Банктің акциялар және басқа да бағалы қағаздар шығаруы, уәкілетті органның Банктің бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есептілікті, Банктің бағалы қағаздарын өтеу қорытындылары туралы есептілікті бекітуі, уәкілетті органның Банктің бағалы қағаздарын жоюы;

3) Банктің ірі мәмілелер және жасалуында Банк мүддесі бар мәмілелер бекітуі;

4) Банк активтерінен бес және одан көп пайызын құрайтын мөлшерде Банктің заем алуы;

5) Банк жеке капиталынан жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын мөлшерде Банктің заем алуы;

6) Банктің қызметтің қандай да бір түрімен айналысуға лицензия алуы, Банктің қызметтің қандай да бір түрімен айналысуға бұрын алған лицензиясының күшін тоқтату немесе жою;

7) Банктің заңды тұлғаны құруға қатысу;

8) Банк мүлкін қамауға алу;

9) Баланстық құны Банк активтерінің жалпы мөлшерінен он және одан көп пайызын құрайтын Банк мүлкінің жойылуы сияқты төтенше сипаттағы жағдайлардың туындауы;

10) Банк пен оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту;

11) корпоративтік дау бойынша сотта істің қаралуы;

12) Банкті мәжбүрлі қайта ұйымдастыру туралы шешімдер;

13) Банк Жарғысына, сонымен қатар Банктің бағалы қағаздарын шығару проспектісіне сәйкес Банк акционерлері мен инвесторлардың мүддесін қозғайтын өзге оқиғалар.

2. Банк уәкілетті органның жазбаша сұрауы бойынша мынандай ақпаратты береді:

1) өз қаражаттары, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі қаражаттары туралы, қабылданған депозиттер мен берілген несиелер мөлшері жөнінде, жүргізілген және жүргізілетін банктік операциялар туралы және банктік құпияны құрайтын мәліметтер;

2) уәкілетті орган белгілеген тәртіпте Банк ірі қатысушы болып табылатын заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы тікелей және жанама қатысу бойынша.

3. Банк, акционерлер мен инвесторлардың мүдделерін қозғайтын ақпаратты келесі құралдар арқылы жария етеді:

1) корпоративті веб-сайтта ақпаратты орналастыру;

2) акционерлердің жазбаша сұрауы бойынша, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты беруге Банкпен енгізілген шектеулерді ескере отырып, ақпаратты және құжаттардың көшірмесін беруге;

3) инвесторлардың жазбаша сұрауы бойынша, көшірмесін алу және/немесе тиісті материалдарды шығару құқығынсыз Банк үй-жайында ақпаратпен танысу мүмкіндігін береді.

4. Банк Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-қорында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, жылдық қаржылық есептілігін және аудиторлық есептерін уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде орналастыруды қамтамасыз етеді.

5. Банк қор биржасының интернет-қорында жариялау үшін барлық корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты және тоқсан сайынғы қаржылық есептілікті қор биржасына оның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен ұсынады.

6. Банк өзінің аффилиирленген тұлғаларының тізімін, сондай-ақ олармен жасалған келісімдер бойынша ақпаратты және Қазақстан Республикасының заңнамасында тізімі, тәртібі және мерзімі (мерзімділігі) берілуі анықталған өзге ақпаратты уәкілетті органға береді.

7. Банк кредиторлар мен акционерлерге хабарлау мақсатында директорлар Кеңесі Банктің ірі мәміле жасасуы туралы шешімді қабылдағаннан кейін бес күн ішінде мәміле туралы хабарламаны мемлекеттік тілде және орыс тілінде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға міндетті.

8. Акционерлерге сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғаны туралы ақпарат соттың корпоративтік дау жөніндегі азаматтық іс бойынша тиісті хабарламасын (шақыруын) Банк алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде берілуге тиіс.

Қазақстан Республикасының Заңымен және басқа заңнамалық актілерімен ақпаратты жариялаудың (акционерлерге жеткізудің) басқа мерзімдері көзделмесе, өзге ақпарат туындаған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде жарияланады (акционерлерге жеткізіледі).

9. Банк қызметтік және коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты білетін өз қызметкерлерінің тізімін міндетті жүргізуді қамтамасыз етеді.

10. Акционердің жазбаша талабы бойынша Банк оған Жарғымен және Заңмен көзделген құжаттар көшірмесін Банкке мұндай талап түскен күннен бастап он күнтізбелік күннен кешіктірмей (барлық өзгертулері мен толықтырулары бар жарғы көшірмелерін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей) беруге міндетті.

Банктің бағалы қағаздарын шығару, орналастыру, айналымға шығару және айырбастау сияқты жеке мәселелерді реттейтін, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де ақпараттан тұратын құжаттар акционердің танысуына оның талап етуімен берілуі тиіс.

Қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын құпия болып табылатын өзге ақпарат (құжаттар) акционерге оның жазбаша сұрауы негізінде және тиісті ақпарат көздерін көшіру және/немесе шығару құқығынсыз тиісті құжаттармен танысу құқығын акционерге беру түрінде Банк ғимаратында акционердің сұрауымен берілетін Басқарма Төрағасының (немесе оның орнындағы тұлғаның) қарары негізінде берілуі мүмкін.

Банктік құпияны құрайтын мәліметтер Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына сәйкес ашылады.

11. Қызығушылығы бар тұлғаның жазбаша талабы болған жағдайда Банк оған кейінгі өзгертулері мен толықтыруларын қосқанда Жарғымен танысу мүмкіндігін береді.

41-бап. Банктің ірі қатысушылары мен лауазымды тұлғаларының өз аффилиирленген тұлғалары туралы ақпаратты беру тәртібі

1. Банктің ірі қатысушылары мен лауазымды тұлғалары олардың аффилиирленген тұлғалары туралы ақпаратты Заңның 67 бабы 3 тармағымен белгіленген мерзімдерде береді. Осы тармақта көрсетілген тұлғалар, аффилиирленгендік пайда болған және/немесе өзгерген, және/немесе толықтырылған күннен бастап 7 күн ішінде Банкке, Басқарма Төрағасы атына, осындай пайда болулар және/немесе өзгерулер және/немесе толықтырулар туралы жазбаша хабарлама жібереді.

2. Ірі қатысушылардың және лауазымды тұлғалардың аффилиирленген тұлғалар туралы қосымша ақпарат алу үшін Банк ірі қатысушылар және лауазымды тұлғалар мекен-жайына тиісті жазбаша хабарлама және (немесе) бұқаралық ақпарат құралдарында, тізімін көрсете отырып, ақпарат, мерзім және беру нысаны туралы ақпаратты жариялауға құқылы.

42-бап. Банктің аффилиирленген тұлғаларының Банктің жасалуында мүдде бар мәміле туралы ақпаратты беру тәртібі

1. Банктің аффилиирленген тұлғалары, егер олар:

1) мәміле жасаушы тарап болса немесе оған өкіл немесе делдал ретінде қатысса;

2) мәміле жасаушы тарап болып табылатын немесе оған өкіл немесе делдал ретінде қатысатын заңды тұлғаның аффилиирленген тұлғалары болса, Банктің мәміле жасасуына мүдделі тұлғалары (бұдан әрі - мүдделі тұлғалар) деп танылады.

2. Жарғының осы бабының 1 тармағында аталған тұлғалар:

1) олардың мәміле тараптары екендігі немесе оған өкіл немесе делдал ретінде қатысатындығы туралы;

2) өздерімен аффилиирленген заңды тұлғалар туралы, оның ішінде дербес немесе өздерінің аффилиирленген тұлғаларымен бірлесіп, дауыс беретін акциялардың (үлестердің, пайлардың) он және одан да көп пайызын иеленетін заңды тұлғалар туралы және органдарында өздері қызмет атқаратын заңды тұлғалар туралы;

3) өздері мүдделі тұлғалар болып танылуы мүмкін, өздеріне белгілі жасалған немесе ықтимал мәмілелер туралы ақпаратты Директорлар кеңесінің назарына жеткізуге міндетті.

3. Жарғының осы бабының 1 тармағында аталған тұлғалар, Директорлар кеңесінің назарына Жарғының осы бабының 2 тармағында көрсетілген мәмілелер туралы ақпаратты, тараптармен мәміле жасалған күнге дейін 3 жұмыс күннен кешіктірмей, Банктің Директорлар кеңесінің мекен-жайына растайтын құжаттардың көшірмесін қоса, мәміленің талаптары, мерзімі және пәні бойынша жазбаша хабарламаны жеткізуге міндетті.

43-бап. Банктің ерекше шарттар белгіленген мәмілелер жасасуы

1. Өз қызметінде Банк Заң талаптарын, сонымен қатар ірі мәміле, аффилиирленген және байланысты тұлғалармен мәмілелер, жасалуында мүдде бар мәмілелер жасауға қойылатын банктер туралы Заң талаптарын ұстанады.

2. Банктің ірі мәміле/байланысты және аффилиирленген тұлғалармен мәміле бекіту туралы шешімді Банктің Директорлар кеңесі қабылдайды. Банктің жасалуында мүдде бар мәміле бекітуі туралы шешім жасалуында мүддесі жоқ Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады, оған:

1) Банк Директорлар кеңесінің барлық мүшесі мүдделі тұлғалар болып табылса;

2) шешім қабылдау үшін қажетті дауыстар санының жеткіліксіздігінен мұндай мәміле бекіту туралы Директорлар кеңесінің шешім қабылдау мүмкінсіздігі кірмейді.

Мұндай жағдайда жасалуында мүдде бар мәміле жасалуында мүдде жоқ акционерлердің көпшілік даусымен акционерлердің Жалпы жиналысымен қабылданады.

Банк жасалуында мүдде бар мәмілені бекіткен жағдайда Банк Директорлар кеңесінің барлық мүшесі және жай акциялары бар барлық акционер мүдделілік танытса, мәміле бекіту туралы шешім Банктің дауыс беруші акцияларының жалпы санынан акционерлердің Жалпы жиналысының жай көпшілік даусымен қабылданады. Бұл ретте акционерлердің Жалпы жиналысына дәйекті шешім қабылдау үшін қажетті ақпарат (құжаттармен бірге) беріледі.

3. Ірі мәмілені/байланысты және аффилиирленген тұлғалармен мәмілелер/жасалуында мүдде бар мәмілелер бекіткенде Заңмен, банктер туралы Заңмен және Жарғымен көзделген талаптарын сақтамау аталған мәмілелерді мүдделі тұлғалардың талап арызы бойынша сот тәртібінде жарамсыз деп тануға алып келеді.

VII тарау. Банктің қызметін тоқтату

44-бап. Банкті қайта ұйымдастыру

1. Банкті қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады.

2. Банкті қайта ұйымдастыру тек акционерлердің Жалпы жиналысының шешімінің және уәкілетті органның ерікті қайта ұйымдастыруды өткізуге рұқсатының негізінде ғана мүмкін болады. Банкті қайта ұйымдастыру туралы мәселені акционерлердің Жалпы жиналысына Банктің Директорлар кеңесі шығарады.

3. Уәкілетті органға ерікті түрде қайта ұйымдастыруды іске асыруға рұқсат алу туралы өтінімді беру үшін негіздеме болып Банк акционерлерінің Жалпы жиналысының шешімі табылады.

Банкті ерікті түрде қайта ұйымдастыруды іске асырудың тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

4. Мәжбүрлі түрде қайта ұйымдастыру Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес соттың шешімі бойынша іске асырылады.

5. Егер қайта ұйымдастырылған жағдайда, банк өзінің қызметін тоқтатса, оның жарияланған, соның ішінде орналастырылған акциялары Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте күші жойылуға жатады.

45-бап. Банкті тарату

1. Банк төмендегі жағдайларда таратылуы мүмкін:

1) уәкілетті органның рұқсаты болған жағдайда, акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі бойынша (ерікті түрде тарату);

2) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген жағдайларда, соттың шешімі бойынша (мәжбүрлі түрде тарату).

2. Банк таратылған жағдайда, оның жарияланған, соның ішінде орналастырылған акциялары Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте күші жойылуға жатады.

3. Банктің қызметін тоқтату, соның ішінде банкроттық негізінде тоқтату Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

4. Банкті тарату реті және оның кредиторларының талаптарын қанағаттандыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

46-бап.Қорытынды ережелер

1. Банктің жаңа мазмұндағы Жарғысы Банк акционерлерінің Жалпы жиналысының шешімімен Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте бекітіледі.

2. Банк Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте енгізіледі.

3. Жарғымен көзделмеген барлық басқа жағдайларда Банк өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерінің ережелерін басшылыққа алады.

4. Жарғы күшіне енген сәттен бастап Банк акционерлерінің Жалпы жиналысымен бекітілген (01.08.2007 жылғы №32 хаттама) және Қазақстан Республикасы әділет Министрлігінің тіркеу қызметі Комитетімен 2008 жылғы 20 ақпанда тіркелген Банк Жарғысы, сонымен қатар оған енгізілген барлық өзгертулер мен толықтырулар күшін жойған болып саналады.

**«Delta Bank» Акционерлік қоғамының
Басқарма Төрағасы**



Н. Самзаев

*Самзаев Нурбол
Әзіретбайұлы*

Утвержден решением
Общего собрания акционеров
(Протокол от 14 мая 2013 года №46)

**УСТАВ
АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА
«Delta Bank»**

Алматы, 2013г.

Настоящий Устав (далее – Устав) определяет правовое положение, порядок организации и функционирования, реорганизации и ликвидации акционерного общества «Delta Bank» (далее – Банк), права, обязанности, условия защиты прав и интересов акционеров и третьих лиц, полномочия и ответственность органов и должностных лиц Банка.

Устав разработан и утвержден в новой редакции в соответствии с Конституцией Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «О банках и банковской деятельности в Республике Казахстан» от 31 августа 1995 года (далее - Закон о банках), Законом Республики Казахстан «Об акционерных обществах» от 13 мая 2003 года (далее - Закон), и иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан.

Понятия, используемые в Уставе.

1. Корпоративный веб-сайт – официальный электронный сайт на интернет-ресурсе, принадлежащий Банку и отвечающий установленным уполномоченным органом требованиям (www.deltabank.kz);

2. Средства массовой информации, используемые для публикации информации о деятельности Банка, - а) корпоративный веб-сайт, б) если дополнительно законодательством Республики Казахстан требуется публикация в печатных изданиях – газеты «Жас Алаш» или «Егемен Казахстан» (на государственном языке), «Экспресс К» или «Деловой Казахстан» (на русском языке), Банк также вправе по своему усмотрению публиковать информацию о своей деятельности в указанных печатных изданиях. Банк может размещать информацию о своей деятельности (рекламного, информативного характера и т.п.) в иных средствах массовой информации.

Глава I. Общие положения

Статья 1. Наименование Банка

1. Полное наименование Банка:

- а) на государственном языке: «Delta Bank» Акционерлік қоғамы;
- б) на русском языке: Акционерное общество «Delta Bank»;
- в) на английском языке: Joint Stock Company «Delta Bank».

2. Сокращенное наименование Банка:

- а) на государственном языке: «Delta Bank» АҚ;
- б) на русском языке: АО «Delta Bank»;
- в) на английском языке: JSC «Delta Bank».

Статья 2. Правовой статус Банка

1. Банк является юридическим лицом в соответствии с законодательством Республики Казахстан, имеет на праве собственности обособленное имущество и отвечает этим имуществом по своим обязательствам, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права и обязанности, быть истцом и ответчиком в суде.

Официальный статус Банка определяется государственной регистрацией Банка в качестве юридического лица в органах юстиции Республики Казахстан и наличием лицензии уполномоченного государственного органа на проведение банковских операций (далее – «уполномоченный орган»).

2. Форма собственности Банка – частная.

3. Банк вправе участвовать в уставных капиталах других юридических лиц на территории Республики Казахстан и за ее пределами в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

4. Банк в своей деятельности руководствуется Конституцией, законодательством Республики Казахстан, а также Уставом и внутренними документами Банка.

5. Банк создан на основании решения Учредительного собрания (Протокол №1 от 09 июля 1993 года) как Закрытое акционерное общество «НЕФТЕБАНК» (дата первичной государственной регистрации 01 сентября 1993 года, регистрационный номер 4270-1900-АО) и перерегистрирован в Акционерное общество «НЕФТЕБАНК» 01 февраля 2005 года.

6. Банком принимается кодекс корпоративного управления.

Статья 3. Ответственность Банка и его акционеров

1. Банк несет ответственность по своим обязательствам в пределах своего имущества.

2. Банк не несет ответственности по обязательствам своих акционеров.
3. Акционеры не отвечают по обязательствам Банка и несут риск убытков, связанных с деятельностью Банка, в пределах стоимости принадлежащих им акций, за исключением случаев, предусмотренных законодательными актами.
4. Банк, не отвечает по обязательствам государства, равно как и государство не отвечает по обязательствам Банка, за исключением случаев, предусмотренных законодательством Республики Казахстан, и случаев, когда Банк или государство принимают на себя такую ответственность.

